



Бекітемін

Шымкент қаласы білім

басқармасы басшысының м.а

Б.П.Нарбекова

» 2020ж.



«Жол-көлік колледжі» МККК Педагог қызметкерлерінің Әдеп Ережесі

Шымкент 2020ж.

1. Педагогикалық Әдеп қағидалары туралы жалпы ереже

1. Колледждің педагог қызметкерлерінің осы әдеп қағидалары Қазақстан Республикасы Конституциясының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығына және 2019 жылғы 27 желтоқсан №293-VI Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" – Заңына сәйкес әзірленді, сондай-ақ ҚР жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына негізделген.

2. Қағидалар білім беру ұйымының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидаттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Қағидалар ережелерін педагог қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшемшарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп қағидаларының мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін қолжетімді.

Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары

1) адалдық:

педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді.

2) әділдік:

педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады.

3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, жеке тұлғалардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен мәдениетті, сыпайы қарым-қатынас жасауда үлгі көрсетеді. Ол оқушының дамуы үшін оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін бағалауда әдептілік танытады. Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді.

4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу:

педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын ескеріп, әрбір ұлт мәдениетінің ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарай отырып, оқушыны ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тәрбиелейді және білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлт өкілдерінің құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді.

5) кәсіби ынтымақтастық:

педагог ұстаз мәртебесін жоғары қояды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, ұстаз беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және

әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге дайын болады. Кәсіби ынтымақтастық қарым-қатынаста педагог жалғандық пен әділетсіздікке жол бермейді.

б) үздіксіз кәсіби даму:

педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

Педагог өз қызметінде:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;

2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;

3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;

4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;

5) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтайды;

6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;

7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;

8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;

9) өзі үлгі бола отырып, ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай қалыптастыруға мүмкіндік жасайды;

10) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік бірыңғай киім үлгісінде болады.

Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді;

2) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестері тарапынан осындай іс-әрекеттерді болдырмау үшін күш салады;

3) өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдаланады;

4) білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсетеді.

Әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагог қызметкер:

1) жалпы қабылданған адамгершілік-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтайды;

2) басқа педагог қызметкердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмейді.

Ұстаздың кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп
2007 жылғы 27 шілде №319 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы
51-бап. Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі
педагогтік әдеп нормаларын сақтауға міндетті

Этика - әдеп мәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым.

Педагогикалық әдеп - этика ғылымының бөлігі болып табылады және педагогикалық адамгершіліктің ерекшеліктерін зерттейді, педагогикалық еңбектегі адамгершіліктің ортақ қағидаларының жүзеге асырылуын қадағалайды, оның негізгі қызметтерін және этикалық категорияларды қарастырады.

Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылық, ар-ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрамдас бөліктері болып табылады.

Педагогикалық әдептіліктің көрсеткіштері:

- кәсіпке, қоғамға деген қарым-қатынас;
- тәртіпті болу, өзіне және балаларға талаппен қарау;
- байсалдылық, әдептілік, сабырлылық;
- ұжымдағы және өзге де әріптестермен жақсы қарым-қатынас.

Педагогтың өзінің алдына қойған жоғарғы талаптардың көрсеткіштері:

- әділ болу, балалардың бәрінің бірдей екендігін ескеру;
- өз мінез-құлықтарына баға беру, өзін-өзі сынау;
- өзін-өзі үзбей жетілдіріп тұру.

Педагогикалық әдеп:

- тілдесу, қарым-қатынас жасау кезінде;
- сөйлесу икемділігінде;
- оқушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыра алу икемділігінде;
- өзін-өзі ұстай алу және талап ету икемділігінде;
- ескерту жасаған кезде;
- баланың мінез-құлқына баға берген кезде;
- мадақтау және жазалай білу икемділігінде;
- дауыс ырғағында сақталады.

Педагогикалық әдептің ерекшеліктері:

- 1) ұстаздың кәсіби мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі өлшем;
- 2) ықпал етудегі және өзара әрекеттесудегі әдістерді, түрлерді, тәсілдерді таңдау өлшемі;
- 3) әдептілік педагогтың мінез-құлқындағы ерекшелікке айналу керек.

Педагог келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс:

- оқушыларға әрқашан сенім білдіру;
- оқушыларға оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесу;
- оқушылардың оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;
- әр түрлі тәжірибенің қайнар көзі ретінде, оқушы қиындыққа кездескенде әрқашан кеңес алуға болатын тұлға болу;
- әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсінуге мүмкіндік беретін эмпатиялық (жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі) дәрежеге ұмтылу.

Педагогтың бойында болу керек қасиеттер (оқушылардың пайымдауы бойынша):

- мейірімділік;
- балаларға деген шынайы махаббат;
- эмоционалдык байсалдылық;
- әділдік;
- балаларға деген зейін;
- қайырымдылық;
- сергектік;
- өмірді сүйгіштік;
- тіл табыса білу, бәрімен араласа білу;
- жігер.

***Педагогтың бойында болмау керек қасиеттер:
(оқушылардың пайымдауы бойынша)***

- әділетсіздік;
- өзін-өзі ұстай білмеу;
- әдепсіздік;
- балаларға немқұрайлы қарау;
- өзінің пәніне немқұрайлы қарау;
- оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдамау, сыйламау.

Педагог білуі тиіс:

- тұзу дене күй – сенімділік, зеректік, кішіпейілділікті;
- оқушыларға теріс қарап тұрып сөйлеу – қызығушылықтың жоқтығы екендігін;
- қырымен тұру – теріс, негативті қарым-қатынас екендігін;
- сұрақ қойғанда алдыға қарай еңкею – дұрыс, оң қарым-қатынас екенін.

Егер кез келген **Ұстаз** ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады!

Бекітемін
Жол-көлік колледжінің
директоры _____Г.Ү.Искакова
« ____ » _____2020ж.

**«Жол-көлік колледжі» МКҚК
Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы:**

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің төрағасы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Б.Акмұлдаев
2. Р.А.Ешимов - колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымының төрағасы
3. Қ.Т.Сарғалдақов – сыртқы бөлім меңгерушісі
4. Қ.Е.Аймишев - директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары
5. С.П.Бидайбеков – оқытушы
6. Н.Т.Сақбаева – ПЦК төрағасы
7. Ф.А.Тургумбаева – әдіскер
8. Ж.М.Рыстанбекова – оқытушы
9. С.М.Омарова – бөлім меңгерушісі
10. Ұ.С.Исаева – кадр бөлімінің меңгерушісі
11. Г.С.Тажибекова - әдіскер